



МҰРАТБАЕВ- ҚАЗАЛЫ



№103
(2168)
Сәрсенбі
13 желтоқсан
2023 жыл



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ “ҮЗДІК АУДАН ОРТАЛЫҒЫ” НОМИНАЦИЯСЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ

Өткен жылы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қолдауымен елді мекендерді дамыту, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, оларға жайлы орта жасау бағытындағы жұмыстарды бағалау мақсатында аймақта алғаш рет «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсы жарияланған болатын.

Аталмыш байқаудың алғашқысында Әйтеке би кенті «Үздік аудан орталығы» номинациясы бойынша үштіктен көрініп, соңғы үлгідегі жаңа техникалар ассенизатор машинасы мен жол тазалайтын



тракторға қол жеткізді.

Ал, биылғы жылы тағы да Әйтеке би кенті «Үздік аудан орталығы» номинациясымен күміс жүлдені қанжығасына байлады. Нәтижесінде ауданымыз қалдық тасымалдайтын «Камаз» автокөлігі мен жол тазалағыш тракторды иеленіп отыр.

Бұл - барша Қазалы халқының жетістігі. Ауданның дамуы жолында аянбай еңбек еткен барша тұрғындар бірлігінің көрінісі. Ауданымыздың абыройы асқақтап, биіктерден көріне берсін!

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫНЫҢ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛІ АУДАНҒА КЕЛДІ

Қызылорда облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Мақсат Шәкірбаев Қазалы ауданына іс-сапармен келді. Соған орай аудан әкімдігінде аудан әкімі аппаратының басшысы Ринад Тілептің төрағалығымен актив отырысы өтті.

Жиынға аудан әкімі аппаратының қызметкерлері мен дербес бөлім басшылары және қала, кент, ауылдық округ әкімдері мен мамандары қатысты.

Актив отырысында Ринад Ибайдуллаұлы мемлекеттің өркендеуі, халықтың әл-ауқатының артуы, қоғамның кез-келген саласының дамуы – бірінші кезекте мемлекеттік қызмет сапасына байланысты екеніне тоқталды. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексінің талаптарын қатаң сақтауы қажет екенін тілге тиек етті.

Жиында Қызылорда облысы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі Мақсат Сәмитұлы хабарлама жасады.

Жиын соңында Ринад Ибайдуллаұлы қызметкерлердің жұмыстан тыс уақытта да әдептілік нормаларды ұстанып, барынша қарапайым болуға, қызмет барысында, қоғаммен байланыс жасауда кішіпейілдік танытып, жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Айта кетейік, жиыннан соң Әдеп жөніндегі уәкіл Мақсат Шәкірбаев тұрғындарды жеке қабылдап, мәселелерін тыңдады.

АУДАН БАСШЫСЫ БІРҚАТАР НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Өткен апта басында Абай аулындағы амбулаторияның ғимаратының жұмысымен танысқан аудан әкімі Мұхтар Оразбаев «Бозкөл» және «Кәукей» ауылдарына арнайы барды.

Іс-сапар барысында аудан басшысы екі дәрігерлік амбулаторияның құрылыс жұмыстарын бақылап, нысандарды жедел аяқтауды тапсырды.

Қазіргі таңда аталған ғимараттардың жұмысы аяқталуға жақын. Нақтыласақ, ішін сырлау, бояу, жарық сынды ішкі жұмыстары атқарылуда.

Оған қоса қажетті құрал-жабдықтары да орналастырылып жатыр.

Аудан басшысы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Нұрбек Күзембаевқа қатаң тапсырма жүктеп, жұмыс барысын назарда ұстап отыруды тапсырды.

Мұнан соң Мұхтар Әуесұлы Кәукейде салынып жатқан 100 орындық мәдениет ошағына ат басын бұрды. Құрылысы кешеуілдеп келе жатқан нысанның жұмысы бүгінде қарқын алды.

Жауапты мердігер мекеме қызметкерлеріне қатаң ескерту жасаған аудан басшысы бой көтерген ғимарат көптің қуанышы екенін айтты. Сондықтан нәтижелі жұмыс істеп, жауапкершілікпен қарауды талап етті.

Бірнеше нысандарға аялдаған аудан әкімі «Тасарық – Тасөткел» аралығындағы 13 шақырым жолдың жайымен танысты. Қазір мұнда жолға қиыршық тас төселіп жатыр.

Мердігер мекеме қызметкерлері жол құрылысын жуық арада

Ғ.МҰРАТБАЕВ АУЫЛЫНДАҒЫ КӨҢІЛДІ КЕШ



Бүгінде көркі көз тартар, кейпі қаланың келбетімен пара-пар Ғани Мұратбаев аулын Қазалы жұртшылығы жақсы біледі.

Осы аталған елді мекенде Қазалы ауданының 95 жылдығы аясында «Қазалым менің – тұраным» атты мерекелік шара өтті.

Кешке арнайы қатысқан аудан әкімі Мұхтар Оразбаев ауыл халқын мерекемен құттықтап, жылы лебізін жеткізді.

Аудан басшысы бірқатар округтің ақсақалдары мен ақжаулықты аналарына мерейтойға арнайы дайындалған төсбелгілерді табыстап, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосқан мектеп, балабақша, ауылдық клуб ұжымы мен бірнеше азаматтарды аудан әкімінің «Құттықтау» және «Алғыс хатымен» марапаттады.

Кеште ауыл өнерпаздары әуелете ән салып, би билесе, ауыл әжелерінен құралған ансамбль әсем ән шырқап, қонақтарды қуанышқа бөледі.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ПРОКУРАТУРА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



6 желтоқсан - прокуратура қызметкерлерінің күні. Бұл өмірін осы салаға арнаған, әділдік жолында адал еңбек етіп келе жатқан жандардың еңбектеріне алғыс айтылып, қызметтеріне құрмет көрсетілетін күн.

Атаулы күнге орай аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Ата Заңымыздың қағидаларын жүзеге асыру, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, мемлекет мүддесін қорғау жолында қалтқысыз еңбек

етіп келе жатқан азаматтарды мерекемен құттықтау үшін прокуратура ғимаратына арнайы барды.

Мұхтар Әуесұлы аудан прокуроры Дарын Әбішті айтулы мереке күнімен құттықтап, ұжымға арнайы «Құттықтауын» табыстады. Сонымен қатар, бірқатар азаматтарды «Алғыс хатымен» марапаттады.

Басқосуда Дарын Елтайұлы аудан басшысына шынайы ризашылығын жеткізді.

АБАЙЛЫҚ АҒАЙЫН МЕРЕКЕЛІК КЕШКЕ КУЭ БОЛДЫ

Сырдария өзенінің арғы бетінде орналасқан Абай ауылдық округінде биыл елді мекен жұрты үшін жағымды жаңалықтар аз болмады.

Мәселен, ауылда газ құрылысы жүріп, қазіргі күні аяқталуға жақын. Сәтін салса, абайлық ағайын көгілдір отын игілігін көретін күн алыс емес. Мұнан бөлек, дәрігерлік амбулаторияның құрылысы халыққа пайдалануға берілгелі тұр. Ауылдағы саябақтың биыл ғана абаттандырылғанын айта кеткеніміз жөн.

Аталған елді мекенге аудан әкімі Мұхтар Оразбаев арнайы барды. Қазалы ауданының 95 жылдығы аясында ұйымдастырылған «Абаймен аттас есімің, ауылым алтын бесігім» атты мерекелік шараға қатысты.

Кеште ауыл жұртына жүрек жарды лебізін жеткізген аудан басшысы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосқан мектеп, балабақша, ауылдық клуб ұжымы мен бірнеше азаматтарды аудан әкімінің «Құттықтауы» және «Алғыс хатымен» марапаттады. Сонымен қатар, елдің ақылшысы болып, жастарға жол көрсетіп, халықты бірлікке шақырған ақсақалдар мен ақжаулықты аналардың кеудесіне мерейтой аясында арнайы дайындалған төсбелгілерді тақты.

Көңілді кеште ауыл өнерпаздары әсем ән шырқап, мың бұрала биледі. Шараға риза болған ауыл жұрты өнерпаздармен қосыла ән айтып, ерекше көңіл-күйге бөленді.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Абай ауылында жоғары деңгейде өткен шарадан соң дәрігерлік амбулаторияның құрылысымен танысты. Жауапты мамандарға тапсырма жүктеп, ғимаратты тез арада ел игілігіне беру қажеттігін ескертті.

Айта кетейік, «Сарыкөл» ауылдық округіне аудан басшысымен бірге аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Талайлы Бөріқұлақов, аудандық мәслихаттың депутаты Әділбек Сарбабеков барды.

КӘСІПТІҢ КӨЗІН ТАПҚАН



Ауыл қолға алғанына екі тұрғындарының әлауқатын жақсарту үшін мемлекет қолға алған бағдарламалардың бірі – «Ауыл аманаты» жобасы. Жоба - халықтың табысын арттыру, ауыл тұрғындарын аграрлық бизнеске тарту, азық-түлік қауіпсіздігін және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Аталған бағдарлама жеке кәсіп ашуға немесе кәсібін дамытуға мүмкіндік береді. Осы жоба тәтті өнімді шығаруды

қолға алғанына екі ай уақыт болған жеке кәсіпкер Толқын Бижанова «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 2,5 пайызбен 6,5 миллион теңге несиесіне алған. Қаражатқа цехқа қажетті құрал-жабдықтар алған. Екі бірдей ғимаратты жалға алып жұмыс істеп отырған Толқын Кемалбайқызы 4 адамды жұмыспен қамтып отыр.

Бүгінгі күні «Толқын тәттілері» атауымен түрлі торттар шығарып, халыққа ұсынып отырған кәсіпкердің ендігі мақсаты – дүкенін кеңейту.

АУДАНДЫҚ КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетовтің төрағалығымен аудан әкімдігі жанындағы кәмететке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның кезекті отырысы өткізілді.

Жиынға Жанқожа батыр атындағы №70 мектептің директо-

ры Т.Шермахановтың аудан әкімдігі жанындағы кәмететке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия төрағасы Дәурен Оңғарбайұлына жазған өтініші, дәл осындай негізде аудандық білім бөлімінің басшысы Ә.Жөлекешовтың өтініші және кәмететке толмағандардың істері

мен олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның есебі тыңдалды.

Басқосуда хабарламашылар баяндама жасап, комиссия мүшелері күн тәртібінде қозғалған мәселелерді талқылап, оңтайлы шешімдер қабылдады. Сонымен қатар қаралған мәселелер бойынша ұсыныс-пікірлерін айтты.

Комиссия отырысын қорытындылаған Дәурен Оңғарбайұлы отырыста қаралған мәселелердің хаттамасын рәсімдеп, тиісті органдарға таратуды тапсырды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҚЫСҚЫ МАУСЫМНЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев облыс әкімі Н.Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес жедел штаб құрып, жиын өткізді. Мақсат – коммуналдық салалардың қысқы маусымға дайындық барысын қадағалау.

Жиында аудан басшысы ауа райының күрт өзгеріп, салқындауына байланысты қысқы маусымға дайындықты тоқтатпау қажет екенін айтты. Қыстың көзі қырауда ешбір қиындық туындамауы керектігін жеткізіп, сала бас-

шыларына тиісті тапсырмаларды жүктеді.

Мұнан соң Мұхтар Әуесұлы Әйтеке би кентіндегі «ҚазақАвтоЖол» ЖШС Қызылорда облыстық филиалының №49 жол пайдалану бөлімшесінің №2 жол пайдалану бекетіне барып, жұмысымен танысты.

Қазір мұнда 2000 тонна құм, 75 тонна тұз қоры бар. Қажетті техникалардың барлығы тексеруден өтіп, дайындығы тұрақты қадағаланып тұр.

Аудан басшысы бастаған штаб мүшелері бұдан кейін «Қазалы-ТеміржолЖылу» филиалына және «Арал-Сарыбұлақ» топтық су құбырын пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесіне аялдады. Қос мекеменің жұмысынан хабар алып, сала басшыларына тиісті тапсырмалар берді.

Қыс маусымына дайындық жұмысын бақылау барысында Қазалы аудандық электр торабы мен Әйтеке би кентіндегі 250 орындық

жаңа мектептің жылу қазандығы тексерілді. Бүгінгі ауа райының салқындығына қарамастан аталған ғимараттардың жағдайы бірқалыпты. Дей тұрғанмен, барлығын назардан тыс қалдырмауды тапсырған аудан әкімі Мұхтар Оразбаев аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаевқа ахуалды кез келген уақытта баяндап отыруын ескертті.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

САЙЛАУ ЖҮЙЕСІ – ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

Сайлау кез – келген мемлекеттің өміріндегі ең маңызды саяси оқиғалардың бірі болып табылады. Қазіргі демократиялық мемлекеттерде сайлау негізгі конституциялық қағидаттарының бірі ретінде халықтың еркін білдіруінің негізгі нысаны болып есептеледі.

Дауыс беруге құқығы бар азаматтардың сайлауға қатысуы – жасырын дауыс беру арқылы мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін – өзі басқару органдарының сапалық және сандық құрамын қалыптастыруға негізделген тікелей халық билігінің көрінісі болып саналады. Халық өз өкілдерін сайлай отырып, оларға өзіне тиесілі мемлекеттік билікті жүзеге асыру жөнінде толық сенім білдіреді.

Еліміздің қалыптасқан сайлау заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделіп, сайлау туралы Конституциялық заңның жалпы бөліміне енгізіліп, тараулары мен баптарында толықтай көрсетілген.

Осы ретте еліміздің сайлау жүйесінің қалай қалыптасқандығы, оның дамуы қандай қадамдармен жүзеге асырылып жатқандығына назар аударсақ сайлау үдерісі Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихымен тығыз байланысты.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1989 жылғы 22 қыркүйектегі қаулысымен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің құрамындағы Қазақ КСР халық депутаттарын сайлау және кері шақырып алу жөніндегі Орталық сайлау комиссиясы құрылды және ол еріктілер негізінде жұмыс істеген 25 адамнан тұрды.

1991 жылғы 1 желтоқсандағы Президенттік сайлау барлық қазақстандықтар үшін маңызды оқиға болды және халықаралық қауымдастықтың назарын аударды. Тұңғыш рет ел азаматтарының жалпыға бірдей, тең және тікелей

құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы ел президенті сайланды.

1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қабылданды.

1993 жылғы 28 қаңтарда Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы қабылданды, ал осы жылдың 8 желтоқсан күні Қазақ ССР – і Жоғарғы Кеңесінің «Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясын сайлау туралы» қаулысы қабылданып, оның құрамын Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша Жоғарғы Кеңес сайлады.

1993 жылдың 21 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің қаулысымен «Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы туралы» Ереже бекітілді. Осылайша, Орталық сайлау комиссиясы жеке мемлекеттік орган мәртебесін алғаш рет алды. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының негізі қаланды. Міне, биылғы жылдың 21 желтоқсанында елімізде сайлау жүйесінің қалыптасып, жұмыс жүргізіп келе жатқанына 30 жыл толады.

1995 жылғы 30 тамызда Республикалық референдумда жаңа Конституция қабылданды, ол бойынша елде президенттік басқару формасы орнатылды. Бұл Қазақстанның қазіргі заманғы сайлау жүйесін қалыптастырудың жаңа кезеңі болды. Еліміздің негізгі заңымен қатар, осы жылы Қазақстан Республикасының сайлау заңнамасының негізін құрайтын бірқатар нормативтік – құқықтық актілер, оның ішінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Республикалық референдум туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі ту-

ралы» Конституциялық заңдар қабылданды.

Елдің тарихи дамуы, оның саяси, экономикалық және әлеуметтік институттары сайлау жүйесін жүйелі түрде реформалау қажеттігін көрсетті және сайлау заңын жетілдіру маңызды саяси басымдыққа, маңызды стратегиялық міндетке айналды.

Сайлау заңнамасын жетілдіру, сайлау науқандарын халықаралық тәжірибелерді ескере отырып жүргізу мақсатында осы жылдар ішінде бірнеше рет сайлау заңдылықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қазіргі күнде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйекте қабылданған Конституциялық заң кейінгі толықтырулары және өзгерістерімен басшылыққа алынып келеді.

Сайлау заңнамаларына сәйкес сайлау органдары мүшелерінің кәсібилігі, сайлаушылардың құқықтық және сайлау мәдениеті артты. Сайлау органдары жүктелген өкілеттіктерге сәйкес сайлау науқанын дайындауды және өткізуді ұйымдастырады. Сайлау процесінің жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз етеді, барлық саяси партиялар мен кандидаттар үшін тең жағдайлар жасау, азаматтардың сайлау құқықтары мен бостандықтарын іске асыру, сайлау туралы заңнаманың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

Елдің сайлау комиссияларының бірыңғай жүйесін Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы, аумақтық, округтік және учаскелік сайлау комиссиялары қалыптастырады. Әрбір сайлау комиссиясының белгіленген заңдылықтарға сәйкес нақты өкілеттіктері бар және белгілі бір мәртебеге ие.

Қазіргі күні ауданда 1-аудандық аумақтық,

аудандық мәслихат депутаттарын сайлау бойынша 15 округтік және 40 учаскелік сайлау комиссиялары, онда 348 комиссия мүшелері жұмыс атқарады. Сайлау комиссияларының құрамында саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер, ұйымдардың, яғни азаматтық және саяси белсенді қоғам мүшелерінің өкілдері ерікті негізде жұмыс істейді.

Аудандағы сайлау комиссиялары соңғы 5 жылдың ішінде 2 рет ҚР Президентінің, 2 рет Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі мен мәслихаттары депутаттарының сайлауын, 1 рет бүкілхалықтық Референдумды, 14 ауылдық округтері әкімдерінің сайлауын ұйымшылдықпен, белгіленген заңдылықтар аясында өткізді.

Биылғы жылдың 10 желтоқсанында белгіленген өкілеттік мерзімінің аяқталуына байланысты Қазалы қаласы мен Әйтеке би кенті және Майлыбас ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы тағайындалып, тиісті сайлауды ұйымдастыру шаралары жүргізілді және сайлау ұйымшылдықпен өткізілді.

Жақында елімізде алғаш рет пилоттық негізде 42 аудан және 3 облыстық маңызы бар қала әкімдерінің сайлауы өткізілді. Сайлаушылар балалары негізде өздері қалаған билік өкілдерін сайлады. Бұл халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарының билік органдарында өкілдік етуіне, сайлау қызметінің ашықтығымен анықтығын қамтамасыз ете отырып, сайлауды демократияландырудың жаңа кезеңіне жол ашып отыр.

Сөз соңында, ауданның барлық сайлау комиссиялары мүшелерін алда келе жатқан еліміздің сайлау жүйесінің қалыптасуының 30 жылдығымен құттықтап, баршаңызға зор денсаулық, жұмыстарыңа сәттілік тілеймін.

**Жаппарберген
ЖАЛҒАСБАЙ ,
Қазалы ауданының
құрметті азаматы**

ЕҢБЕКТЕРІҢ ЕЛЕНЕ БЕРСІН

Аяқ астынан ауырып білікті дәрігер Бақыткүл Әлішева басшылық ететін Қазалы ауданаралық ауруханасының оңалту бөлімінде емделдім. Медицина мамандары күн сайын түрлі дәрілерді егіп, тоқпен, жылумен емдейтін, денені созып, қозғалысқа келтіретін аппараттар арқылы қызмет көрсетті. Соның арқасында сырқатымның беті қайтып, бұрынғы қалпыма оралдым.

Маған аурухананың ішкі тазалығы ұнады. Сондай-ақ оңалту бөлімінің меңгерушісі Жаңыл Барақбаеваның, терапевт дәрігер Нәйла Әлішеваның, аға мейіркеш Баян Маманованың, мейіркеш Салтанат Ерболаттың, инструктор Сейілхан Тәжімбеттің, массажшы Нұрсұлтан Үрістемнің, ас тартушы Роза Боранқұлованың кәсіптеріне адалдығы көңілден шықты. Менімен бірге емделген Өмірзақ, Байболат, Рұқсат, Қуантқан, Абылайхан, Асылхан, Құрманғазы медицина қызметкерлеріне шынайы алғыстарын айтты.

Сахи ҚАПАР,
ардагер журналист

● **Хабарландыру**

Жергілікті қоғамдастықтың жиналысына шақырамыз

«Майдакөл» аулы тұрғындарын 2024 жылы 13-қаңтарда, сағат 11-00-де ауылдық клуб үйінде болатын жергілікті қоғамдастықтың жиналысына шақырамыз. Күн тәртібінде: «Майдакөл» аулындағы Орталық көшеге қайта атау беру туралы.

Ақжона ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік коммуналдық мекемесі

ҚАЗАЛЫЛЫҚ АҚЫНДАРМЕН КЕЗДЕСУ КЕШІ ӨТТІ

Әйтеке би кентіндегі кент клубында "Елің еміренсе, сен тебірен" атты облыстық Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапхана мен Қазалы аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен Қазалы топырағынан шыққан ақындармен кездесу кеші өтті. Кеш қасиетті Қазалы өңірінде дүниеге келген батырларымыз бен би-шешендеріміз, еліміздің даңқын асқақтатқан тұлғаларымыз жайындағы әсерлі сөздермен басталды.

Аудандық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Болат Әбенұлы Жолтаев шараға қатысушы ақындардың шығармашылығына жеке тоқталып, әрбір қаламгерге толыққанды баға берді. Кеште айтыскер ақын, дәстүрлі әнші Ағыраев Ермекбай Әбсаматұлының, ақын, "Бейбітшілік әлемі" Халықаралық қазақ творчестволық бірлестігінің "Мұқағали Мақатаев" медалінің иегері Қаржаубаева Алмагүл Шәріқызының, ақын, зерттеуші, ұстаз Орынбаса-

рова Ғалия Аманқызының, ақын, "ҚР кәсіптік білім беру ісінің үздігі" белгісінің иегері Дүзбай Сәлия Шарапдинқызының, ақын, ұстаз Өтеулиева Сағыныш Мұхитқызының шығармашылығына арналған бейнероликтер көрсетілді.

Кездесу кешінде ақындар: Е.Ағыраев, А.Қаржаубаева, С.Дүзбай, Ғ.Орынбасарова, С.Өтеулиева ақындық әлемінен сыр шертіп, туған жерге, елге деген сүйіспеншілігінен туындаған жүрекжарды жырларын оқыды. Сондай-ақ, кездесуде жергілікті ақындардың сөздеріне жазылған әндерді аудандық мәдениет орталығының өнерпаздары нақышына келтіре шырқап, кешті ажарландыра түсті.

Танымдық шарада Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектептің, Б.Мергенбаев атындағы №226 мектеп-гимназияның, Ы.Алтынсарин атындағы №204 орта мектептің, №266 мектеп - лицейдің, М.Матаев атындағы №170 орта мектептің, №190 орта мектептің 7-9 сынып оқушылары ақындардың

өлеңдерін мәнеріне келтіре жатқа оқып, оқырмандардың ризашылығына бөленді.

Кеште шараға қатысушы қаламгерлер Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына тарту ретінде өз қолтаңбаларын қалдырған естелік кітаптарын сыйға ұсынды.

Ақындармен кездесу кешін облыстық Ә.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы қортындылады.

Кеш соңында аудандық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Болат Әбенұлы жерлес ақындардың өлеңін оқыған жас өскіндерді алғыс хаттармен марапаттады.

Рухани-мәдени шараға байланысты «Құдіретті ән-жыр елі, күй елі...» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қазалы ақындарының қатысуымен өткен шара аудандық мәдениет орталығы өнерпаздарының әуелете шырқаған "Қазалы вальсі" өнімен қортындыланды.

З.МҰСТАФАЕВА,
ҚР Мәдениет саласының үздігі

● **Пікір**

ЫСЫРАПҚА ЖОЛ БЕРМЕГЕНІМІЗ ЖӨН

Ата-бабаларымыздан қалған салт-дәстүрімізбен жөн-жоралғымыз жетерлік. Солардың бірі жеті шелпек тарату. Оның қайдан шыққаны жайлы нақты ақпарат жоқ. Аңыз әңгімелерге қарап, Пайғамбар дәуірінен бастау алғанын білеміз.

Шелпектің жетеу болуы жайлы Оңтүстік Қазақстан өңірінде аңыз бар. Олардың айтуынша Қазығұртта өмір кешкен Ысқақ қожа есімді әулие кісі болыпты. Ол ел-жұртын адамгершілікке, арлылыққа, ізгілікке шақырып, зұлымдықтан тиып отырады екен.

Бір күні біреу:

-Тақсыр, неліктен жеті күлше таратасыз? Бір не үш күлше болмай ма?-деп сұрапты. Жеті күлшенің сауабы жеті атаңа, одан асса жетпіс атаға кетеді. Ал, бір күлше өз қара басыңа ғана жетеді, -депті.

Садақаға тарататын күлшенің жетеу болуында осындай мән бар екен.

Негізі жеті шелпек пісіру шариғатта теріс ой тудырмайды. Нан қасиетті тағам.

Жеті шелпекті көршілеріне,

көшеде кетіп бара жатқандарға, мешіттерге әкеліп садақа деп таратады.

Ал, садақаға нан таратуды білікті, оқымысты діни теологтарымыз мақұлдайды.

Біреулердің айтып жүргеніндей бұл теріс ой тудырмауы тиіс. Аллаға серік қосу деп түсіну қате. Қазақ үшін жеті саны жат емес.

Жеті ата, жеті жарғы, жеті қазына, жеті жұт, жеті жоқ және жеті жетім, жеті қат аспан ұғымдары ерекше.

Жаратушының жалғыз екенін танудың белгісі ретінде қасиетті Қағбаны жеті рет айналу парыз етілген.

Иманның жеті шарты, ит жалаған жерді жеті рет жуу, Алла тағаланың жеті қабат аспанды жараттым деп айтуы, аптаның жеті күн болуы, Құран көрімде алғашқы оқылатын Фатиха сүресінде жеті аят болуында терең даналық жатқандығын түсінгеніміз абзал.

Мен күнделікті өмірде көріп жүргендерімді ортаға салмақпын. Көбінесе күндердің сұлтаны болған қасиетті жұма күндері

көптеген бауырларымыз жеті шелпек пісіріп таратуды дағдыға айналдырғандарының өз басым куәсі болып жүрмін.

Көп жылдардан бері мешітте қызмет етіп келемін. Үйге де, көшеде де, мешітте де жеті шелпектерді әкеліп берушілер жетерлік. Көргенімді айтайын шылқытып шімішкі майға пісірілген күлшені кейбіреулер жей бермейді. Қасиетті нанның құрметі үшін ауыз тиеді де қояды. Оған себеп, бүйрек, өт жолы, бауыр, асқазан, тағы басқа ауруы бар адамдарға дәрігерлер майлы тамақ жемеуге кеңес берген. Солардың біреуі менмін.

Алланың үйі мешітке де, үйлерге де таратылған шелпектердің 80 пайызы малдың жеміне айналып жатыр. Аспен тойлардағы бауырсақтар да солай.

Менің ойым: Шелпекті адамның жеуіне ыңғайлы, тәбеті тартарлықтай етіп пісірсе. Ертеде аналарымыз «Пәтір нан» пісіретін. Оған ешқандай да май қоспайтын.

Әуелі қазанға салып ша-

малап қыздырып алып содан кейін ошақтың ішіндегі шоқтың қоламтасына қыздырып пісіретін. Өте дәмді әрі жеуге сүйкімді еді-ау. Оның көлемі осы күнгі жеті шелпектің көлеміндей болатын.

Менімше, майдың иісін шығару деген қағидаға соншама қадалып қалыпысырапқа жол бермегеніміз дұрыс сияқты. Өзбек бауырларымыз май қоспай-ақ тәбетінді тартатын күлшелердің небір түрін пірісіп-ақ жүр ғой.

Менің қорамда оншақты қойым бар. Соны білетін көршілерім қауын, қарбыз, картоп, сәбіз, капустаның қабықтарымен бірге жеті шелпекті көптеп әкеліп жүр. Амалым жоқ малдың жеміне турап араластырып беріп жүрмін. Алладан тоқшылығыңды ұзағынан бере гөр, - деп дұға етемін.

Заман ағымына қарай жеті шелпектің де пісіру әдісін майсыз әрі сүйсініп жейтіндей етіп өзгертсе деп ойлаймын.

Сонда жеті шелпек пісіріп тарату ысыраптың бір түріне айналмас еді деген ойдамын.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
Әйтеке би кенті

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарту аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.